

Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округінің Алмаз ауылындағы кейбір көше атауларын қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 11 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қазанда № 4113 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Алмаз ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Алмаз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округінің Алмаз ауылындағы кейбір көше атаулары:

"Набережная" көшесі – "Сүндетқали Есқалиев" көшесі;

"60 лет Октября" көшесі – "Жоламан Тіленшіұлы" көшесі;

"Советская" көшесі – "Қалампыр Рахимова" көшесі;

деп қайта аталсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Алмаз ауылдық округі әкімінің 09.11.2015 № 14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Алмаз ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Э. Давлетова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алмаз ауылдық округінің әкімі

Г. Каирғалиев